

Орал қаласы Круглоозерное кенттік округіндегі 1-ТЖЖ-ға "Атамекен" шағын ауданы" атауын тағайындау туралы

Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихаттың 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 13-21 шешімі және Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 27 қарашадағы N 4128 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 8 қаңтарда N 7-1-123 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 , 31 баптарына , Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 13 бабына сәйкес және қалалық ономастикалық комиссияның шешімінің негізінде Орал қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ** және Орал қалалық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Орал қаласы Круглоозерное кенттік округіндегі 1-ТЖЖ-ға "Атамекен" шағын ауданы" атауы тағайындалсын.

2. Осы шешім мен қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Орал қалалық мәслихатының	Орал қаласының әкімі
кезекті	13-ші сессиясының
төрағасы	
Орал қалалық мәслихатының	
хатшысы	